

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халық Қазақ – Түрік
Университеті**

СӨЖ

Тақырыбы: XIV—XV ғғ. ортағасырлық мемлекеттер

Қабылдаған:

Орындаған:

Тобы:

Түркістан-2016

ΚΙΡΙΣΠΕ:

АҚ ОРДА МЕМЛЕКЕТІ

- XIII ғасырдың ортасынан бастап Алтын Орданың Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында — Ақ Орда мемлекеті өмір сүрді. Бұрынғы Қыпшақ хандығының жері Ақ Орданың негізгі аумағын құрады.
- Түркі және түркіленіп кеткен жергілікті шонжарлардың саяси-экономикалық жағдайының нығаюы нәтижесінде, Ақ Орда XIV ғасырдың ортасында Алтын Ордадан біржола бөлініп шықты. Ақ Ордада Жошының баласы Орда Ежен әулеті билік құрды.
- Шығыс Дешті Қыпшақ, Солтүстік-Шығыс Жетісу, Ертіс өңірі алғашқыда Жошының үлкен ұлы Орда Ежен ұлысына қарады және Көк Орда деп аталды. Ал Жайық, Ырғыз, Тобыл, Сарысу өзендері бойындағы иеліктер, Арал өңірі далалары, Сырдарияның төменгі ағысы Жошының басқа баласы — Шайбани ұлысы құрамына еніп, Ақ Орда деп аталынды.

Қазақстан және Орта Азияның
1608 жылға дейінгі картасы

Сібір хандығы

С.ба
шаршары

Алтын Орда
(Ұлы Жүз)

Ақ Орда
(Барек хані)

Қазақстан

Моғұлыстан

Ақсақ Темір империясы

Тибет

Дым суғаруы



АҚ ОРДА МЕМЛЕКЕТІ

- Осылайша, XIV ғасырда Жетісудан басқа Шағатай мемлекетінің құрамына енген барлық аумақ іс жүзінде Ақ Орда құрамында- болды. Орталығы — Сығанақта орналасты. Ақ Орданы Орыс хан (1361—1376/77 жылдары), оның баласы Барақ (1423—1428 жылдары) билеген жылдарда Шығыс Дешті Қыпшақтағы қуатты мемлекетке айналды.
- Ақ Орда — монғолдардан кейінгі кезеңде Қазақстан аумағында жергілікті этностық негізде құрылған тұңғыш ірі мемлекеттік құрылым. Онда қыпшақ бірлестігінің құрамына кірген халықтардан басқа наймандар, арғындар, үйсіндер, қарлуқтар, т.б. мекендеді.



ӘБІЛХАЙЫР ХАН МЕМЛЕКЕТІ

- Әбілхайыр хан мемлекеті (1428—1468 жылдапы). XV ғасырдың 20-жылдарында Ақ Орда мемлекетінің ыдырауы барысында Қазақстанның далалық бөлігінде Әбілхайыр хан мемлекеті құрылды. Ақ Ордадағы билік Жошы ханның басқа ұлы Шайбани әулетіне көшті. Әулеттің бірінші ханы Әбілхайыр болды. Әбілхайыр Шығыс Дешті-Қыпшақ аумағына енген Батыс Сібірдегі қазіргі Түмен қаласы еңірінде хан болып сайланды. Мемлекеттің шекарасын кеңейту мақсатында ол бытыраңқы Шығыс Дешті Қыпшақтағы ұлыстарды бағындыруға кірісті. Әбілхайыр Қажы-Тархан (Астрахан) ауданында Тока-Темір әулеті билеушілерін



ӘБІЛХАЙЫР ХАН МЕМЛЕКЕТІ

- Әбілхайырдың ендігі бағыты — оңтүстік пен оңтүстік-шығысты бағындыру еді. Әбілхайыр хан өзінен бұрынғы Барақ хан сияқты Ақ Орданың экономикалық жағынан анағұрлым қуатты ауданын басып алуға ұмтылды. 1446 жылы ол аса ірі жеңістерге жетті. Қаратау алқабы мен Сырдария жағалауындағы Созақ, Сығанақ, Аркек, Аққорған, Үзкент сияқты қамалды қалаларды қосып алды. Сөйтіп, үшінші рет өз орталығын Ақ Орданың бұрынғы астанасы Сығанаққа көшірді.
- Кезінде Ақ Орданың бұрынғы қуатын қалпына келтіру мақсатында 1427 жылы Барақ хан дәл осы Түркістан аумағы үшін Темір әулетімен соғысып, жеңіске жеткен еді. "1428 жылы Барақ хан қаза болғаннан кейін бұл жерлер Темірдің ұрпағы — Ұлықбек мемлекетінің қолында болды ма, әлде Орыс хан мен Барақ хан ұрпақтарының қол астында болды ма?" деген сұрақ туады.

ӘБІЛХАЙЫР ХАН МЕМЛЕКЕТІ

- Шамасы, Ұлықбек қол астында Түркістанның тек оңтүстік бөлігі (Йасы, Отырар) ғана қалса керек. Деректемелерді салыстыра отырып, мұнда XV ғасырдың 40-жылдарында Әбілхайыр ханға бас имеген Ақ Орда хандарының ұрпақтары мекендеген деп топшылауға болады. Дәлірек айтсақ, Тока-Темір мен Орда Ежен ұрпақтарының қонысы еді. Олардың екеуі де дәстүр бойынша Ақ Орданың тең дәрежелі билеушілері болатын. Олар Барақтың осы аумақтағы билігін мұраға алды. Сондықтан Әбілхайырдың Сырдария бойын бағындыруы бұл аймақта көшіп-қонып жүрген Орыс хан — Барақ хан мұрагерлері Керей мен Жәнібек сұлтандармен арадағы қатынастарды шиеленістіріп жіберді. Ендеше, қалыптасқан аса күрделі саяси жағдайдың болашақта Керей мен Жәнібектің өзіне қарасты халықты алып кетіуінің себебін түсіну үшін маңызы зор.

ӘБІЛХАЙЫР ХАН МЕМЛЕКЕТІ

- 1457 жылы Әбілхайыр хан Сығанақ маңындағы Көккесене елді мекенінде ойраттың Үз Темір тайшысынан күйрей жеңілді. Бұл жеңіліс оның мемлекетінің саяси ыдырауына әкелді. Әбілхайыр ханның өзі 1468 жылы Моғолсташа жорық үстінде қайтыс болды.

XIV—XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ

МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ

МОНҒОЛ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ӘСЕРІ

- Көшпелі қоғам өзінің әдет заңымен өмір сүрді. Орта ғасырлардағы мемлекеттердің әскери сипаты тұрақты және қажет жағдайда хан жарлығымен жасақталатын әскердің болғандығын дәлелдейді. Мемлекеттің қаржы көзі — қазынасының болғандығына оны толтырудың жолдары туралы көптеген деректер нақты мысал бола алады.
- Бағындырылған елдердің көшпелі және жартылай көшпелі халқы Шыңғыс ұрпақтары ұлысының құрамына енді. Әкімшілік-әскери тұрғыдан жаңа жүйе орнықты (ондық — жүздік — мыңдық — түмен). Оларда сатылы бағыныштылық жүйесі қалыптасты. Оларды көшпелі түркі-монғол шонжарлары басқарды. Әкімшілік басқару жүйесінде айырмашылық осы ғана болды. Ұлыстар неғұрлым ұсақ үлес-иеліктерге бөлшектенген әдеттегі көшпелі мемлекеттер еді. Алтын Орда мемлекеттік құрылымы тек аса күшті билеуші тұсында ғана өмір сүре алатын ұлыстық, ұйым болды. Сондықтан XIII ғасырда монғол хандары күшпен біріктірген ірі ұлыстар бірте-бірте жеке бөлшектерге ыдырады. Әр түрлі табыс көздері оларды экономикалық жағынан қуатты дербес хандық құруға



XIV—XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ

МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ МОНҒОЛ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ӘСЕРІ

- Қазақстан аумағында ежелден өмір сүрген ерте мемлекеттік құрылымдардың монғол ұлыстарына бөлінуі бытыраңқылықты ұзартты. Түркі тілдес халықтар мен бірлестіктердің біртұтас мемлекетке бірігу үдерісін тежеді, бірақ мүлдем тоқтата алмады. Сонымен бірге монғол билігі Қазақстан халқының мұсылмандық Шығыспен, Еуропамен, Қытаймен халықаралық сауда, мәдени байланыстарын кеңейтті. Сөйтіп, жаңа сипаттағы мемлекет белгілерін өмірге келтірді.
- Мемлекеттің жоғарғы билеушісі — хан Шыңғыс әулеті өкілдеріне, тайпа мен ірі ру көсемдеріне арқа сүйеді. Түркі тайпа басшыларының көп ретте әмір, бек, би, бай деген атаулары кең тарады. Көшпелі және отырықшы бұқара қараша деп аталды.



www.zhoshy.com

XIV—XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ

МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ

МОНҒОЛ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ӘСЕРІ

- Жер қатынастары Шығыстағы орта ғасыр қоғамының әлеуметтік құрылысына ұқсас болды. Барлық жер мемлекет меншігі болып саналды. Шыңғыс әулетінен шыққандар осы иеліктің бір бөлігін (ұлысты) інжу ретінде алды. Бағыныштылықтың ұлыстық (еншілік) жүйесі қалыптасты. Бұл — мемлекеттің әскери-әкімшілік құрылымымен тығыз байланысты еді. Мұндай жүйе бұрынғы Қарахан әулеті дәуірінде икта (шартты түрде берілген жер иелігі) түрінде болғандығы белгілі. Иктаның жетілдірілген түрі — сойырғал пайда болды. Сойырғал дегеніміз — көшпелі ақсүйектердің малшылар мен отырықшы егіншілікпен айналысатын тұрғындарға үстемдігінің бір 126 түрі, сыйға берілетін шартты жер бөлігі. Тарихта сойырғалдар беру туралы Тоқтамыс пен Темір-Құтлық Жарлықтары сақталған. Сойырғалды Ақ Орда хандары, кейінірек қазақ хандары да кең түрде қолданды. Түркістан қалаларын ақсүйектердің еншісіне бөліп берді. Сойырғалдар тек тұрақты қызметі үшін ғана емес, сонымен қатар нақты әскери қызметі үшін де берілді.

XIV—XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ МОНҒОЛ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ӘСЕРІ

- XIV—XV ғасырлардағы мемлекеттерде бағынышты тәуелділік қатынастар — тархандық сый тарту жүйесі кең қолданылды. Мұндай сыйды алған адам мемлекет пайдасына салық төлеуден, тоғыз рет жазалаудан босатылды.
- Біртіндеп сыйға алынған жерлер мұрагерлік иелікке айнала бастады. Өзара қақтығыстарда күшпен тартып алынған жерлер де жеке меншікке (мильк) айналдырылды.
- Сонымен қатар мұсылман діни мекемелері мен дінбасыларының жеке меншігі — вакфтың жерлер болды. XIV—XV ғасырларда Ақ Орда, Өзбек хандығы мен Моғолстандағы мемлекетті басқарудағы үлестік жүйе көшпелі ақсүйектердің өз үлесі ауданындағы отырықшы тұрғындарға билік жүргізуіне мүмкіндік берді.

XIV—XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ

МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ

МОНҒОЛ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ӘСЕРІ

- Жоғарыда айтылған мәселелер Сырдария қалалары үшін болған ұзақ күрестің уәжін түсінуге көмектесері хақ. Үлестік басқару орталық биліктің ектемдігіне шек қойғанымен, оның өлсіз жағы — ұлыстардың (үлестердің) оқшаулануына, әулеттік күрестерге, өзара алауыздықтарға тосқауыл қоя алмады.
- Ұлыстардағы мемлекеттік басқару ауқатты ақсүйектердің қолында болып, билеуші топтың қолында әскери-саяси билік және әкімшілік биліктер қоса шоғырланды. Тайпалық бірлестік билеушілері ханға бағынышты тәуелділікті сақтады. Хан бағыныштылары ретінде соғыс бола қалған жағдайда ханға жасақ шығаруға және алым-салық төлеуге міндетті болды.

XIV—XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ

МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ

МОНҒОЛ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ӘСЕРІ

- Ақ Орда, Моғолстан, Әбілхайыр хандығы, Ноғай ордасы этностық жағынан біртектес саяси құрылымдар еді. Олар ақсүйектердің мүддесін қорғайтын және қатардағы малшы мен отырықшы халықты қанауға мүмкіндік беретін мемлекеттер болды. Дегенмен монғолдар далаға біршама орталықтандырылған өкімет идеясын ала келіп, жаңа жағдайларға бейімделген дала заңдарын жасады. Мысалы, Орталық Азия мен Қазақстанның оңтүстігіндегі Масұдбектің ақша реформасы (1271 жылы), Кебек ханның реформалары (1321 жылы) мемлекетті орталықтандыруға бағытталды.

XIV—XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ

МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ

МОНҒОЛ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ӘСЕРІ

- Мемлекеттік кеңселерде түркі жазуы (ұйғыр жазуы) қолданылды. Халық арасында азшылық болған монғолдар XIII ғасырдың соңына қарай түркі тіліне кешіп, ислам дінін қабылдады. Осылайша монғолдар мұсылмандық (Шығыстық) мемлекеттілік дәстүрін көбірек қабылдағандығын аңғаруға болады.
- XIV—XV ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы мемлекеттер тікелей дербес қазақ мемлекеттілігінің құрылуының алғышарты болды. Қазақ мемлекетінің пайда болуы мен даму тарихы оның көпғасырлық дәстүрі мен терең тамыры болғандығын көрсетеді. Монғолдар жаулап алуынан кейін XIII—XV ғасырларда Қазақстан аумағында бірнеше мемлекет пайда болып дамыды және ыдырау кезеңін басынан өткізді. Бұл мемлекеттердің құрылу барысында жергілікті түркі тілдес халықтар елеулі рөл атқарды. Оны мемлекеттік құрылымның дәстүрлі түрлерінің, кейбір лауазымдардың сақталғанымен түсіндіруге болады

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ**